

**«АҚШАНЫ ЖАРИЯ ЕТУ» МАҚСАТЫНДА АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ АШУ КЕЗІНДЕГІ  
КЛИЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА**

**Құрметті клиент!**

Қазақстан Республикасының «Рақымшылық жасау туралы» Заңының<sup>1</sup> нормаларына сәйкес, ақшаны жария етудің келесі тәсілдері белгіленді:

1) Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да ашылған ағымдағы шотқа ұлттық және (немесе) шетел валютасында ақша салу (аудару), және тұратын жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларацияны ұсыну арқылы.

2) Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-ның ағымдағы шотына ақша салмай (аудармай) — жария етілетін ақша сомасынан алым төлеу және тұратын жері бойынша мемлекеттік кірістер органына арнайы декларацияны ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Сіздердің назарларыңызды келесіге аударамыз: ағымдағы шотқа ақшаны салғаны (аударғаны) туралы анықтама көшірмесін тіркей отырып, тұратын жері бойынша мемлекеттік кірістер органының арнайы декларацияны қабылдаған күннен бастап ақша заңдастырылған болып саналады.

Ақшаны жария ету мақсатында Қазақстан Республикасының «Рақымшылық жасау туралы» Заңына сәйкес, Сіз Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-ның кез-келген Филиалында/Қосымша жайында ұлттық және (немесе) шетел валютасында банктік ағымдағы шотты (бұдан әрі – Ағымдағы шот) **2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін** аша аласыз.

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да ағымдағы шотты ашу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- Сіз Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, ЖСН көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсыну;
- Сізде оралман мәртебесі болған жағдайда, оралман куәлігінің түпнұсқасы, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға арналған тіркеу куәлігі және шетелге шығу төлқұжатын ұсыну;
- Сіз Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаты бар шетел азаматы болған жағдайда, ықтиярхат ұсыну.

Жария етілетін ақшаны Ағымдағы шотқа салған (аударған) кезде, Сізге Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ «Рақымшылық жасау туралы» Заңның талаптарына сәйкес, салынған (аударылған) ақша сомасының мөлшерін растайтын анықтама береді.

Ағымдағы шотты ашу және жүргізуге салынатын комиссия, Банкте қабылданған тәртіпке және тарифтерге сәйкес алынады.

***Мүлікті (ақшаны) жария етудің тәсілдері мен тәртіптері туралы қосымша ақпаратты, Сіздер Ұлттық Банктің келесі ресми сайтынан қарап біле аласыздар:***  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 маусымдағы № 213-V Заңы